

**Байтенова Н.Ж.¹, Касаинова К.Е.²,
Досмагамбетова Д.Ж.³**

¹филос.ғ.д., профессор

²курс магистранты, e-mail: karlygash_9505@mail.ru

эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

³филос.ғ.к., Бейбітшілік және келісім музейі, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.,

КИЕЛІ ОРЫН ҰҒЫМЫ: МӘНІ ЖӘНЕ МАҢЫЗЫ

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» атты жобасы қазақтың кең даласындағы қасиетті жерлер мен мекендерді жан-жақты зерттеп, біздің ұлан-ғайыр жерге ғана емес, тарихи рухани мол мұраға ие екенімізді әлемге таныту және халыққа жеткізуді мақсат етіп отыр. Мақалада киелі орындар, қасиетті жерлер ол тек діни көзқарас, наным-сенім ғана белгісі емес, ол мемлекеттің ұлттық бірегейлігін қалыптастырушы, мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізді дәріптейтін, айқын көрсететін құрал болып табылатындығына ерекше назар аударылған. Қазақстанның территориясы киелі жерлерге, қасиетті орындарға бай. Мұны халықтың ұлттық бірегейлігін құрастырудың бір формасы ретінде және территорияның танымалдылығын қалыптастырушы құрал ретінде қарастыруға болады. Қазіргі кезде тарихшылар, зерттеушілер, дінтанушылар киелі жерлердің мемлекеттік тізімін жасап, халықаралық, республикалық, жергілікті деңгейдегі мәртебесін анықтау үстінде. Ең маңыздысы – әрқайсысына қатысты терең зерттеу жүргізіп, аңыз-хикаяларын, деректерін жинау. Киелі орынға қояр және оны таңдап алуда қандай да бір критерийлер бар ма – деген сауалдың өзі әлі де болса жауапсыз, аз зерттелген мәселе. Осы мәселе төңірегінде зерттеудің методологиялық негізі болып киелі, қасиетті ұғымдардың мән-мағынасын айқындау өзекті мәселеге айналып отырғанын ескере отырып авторлар осы мәселенің кейбір қырларына талдау жасайды.

Түйін сөздер: қасиетті жер, киелі орын, Қазақстан, рухани жаңғыру, мәдени мұра.

Baitenova N.Zh.¹, Kassainova K.E.², Dosmagambetova D.Zh.³

¹doctor of philosophy, Professor

²2nd year master's student, e-mail: karlygash_9505@mail.ru

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

³Museum of peace and Accord, PhD, Deputy Director, Kazakhstan, Nur-Sultan

The concept of a sacred place: the essence and meaning

The main goal of the project «Geography of Sacred Places of Kazakhstan» presented an in-depth and comprehensive study of vast steppe sacred places in the Kazakhs' habitats, to prove that we do not just have a vast territory, but also our land is rich in spiritual historical heritage. In this case the task of modern scholars show the world Kazakhs' spiritual heritage, to communicate and familiarize people with the sacred places of Kazakhstan. The article justified by special attention to the fact that the sacred and holy places of Kazakhstan have not only religious significance, but also are important in terms of national and state identities formation, as a factor contributing to the further development of culture, customs and traditions of the people. The territory of Kazakhstan is rich in sacred and holy places. This can be considered as a way to strengthen ethnic and national identities, as well as making Kazakhstan recognizable globally. Currently, historians, researchers, religious scholars are engaged in compiling a single list of sacred places in the territory of modern Kazakhstan, classifying them into international, republican and local levels. In this situation, the most important thing is conducting in-depth research and collecting materials. Still unresolved issues with the criterion for identifying the degree of sacredness of certain objects. Within the framework of this issue, the categorical series has been insufficiently studied,

in particular, such terms as «sacred», «holy», as the methodological basis for the study on this range of issues. Given the relevance of this issue, the authors tried to consider some aspects.

Key words: sacred land, sacred place, Kazakhstan, spiritual revival, cultural heritage.

¹Байтенова Н.Ж., ²Касинова К.Е., ³Досмагамбетова Д.Ж.

¹доктор философских наук, профессор

²магистрант 2 курса, e-mail: karlygash_9505@mail.ru

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

³к.филос.н., Музей мира и согласия, зам.директора, г. Нур-Султан

Понятие священного места: сущность и значение

Основной целью проекта «География сакральных мест Казахстана» является глубокое и всестороннее исследование сакральных мест в обширной степи, в местах обитания казахов, а также информирование о том, что мы не просто обладаем обширной территорией, но духовным историческим наследием. В связи с этим задача современников – показать всему миру наше духовное достояние и донести до народа, ознакомить с сакральными местами Казахстана. В данной статье обосновывается, обращается особое внимание на то, что священные, сакральные места Казахстана имеют не только религиозное значение, но и важны в плане формирования национальной, государственной идентичности, как фактора, способствующего дальнейшему развитию культуры, обычаев и традиций народа. Территория Казахстана богата священными, сакральными местами. Это можно рассматривать как один из путей укрепления этнической и национальной идентичности, так же в плане узнаваемости нашей страны на мировом уровне. В настоящее время историки, исследователи, религиоведы занимаются составлением единого списка сакральных мест на территории современного Казахстана, классифицируя их по международному, республиканскому и местному уровням. В данной ситуации самое важное – проведение глубоких исследований, сбор материалов. До сих пор не решены вопросы с критерием выявления степени сакральности тех или иных объектов. В рамках данной проблемы недостаточно исследован категориальный ряд, в частности, такие понятия как «священное», «сакральное», методологическая основа исследования данного круга проблем. Авторы, учитывая актуальность данной стороны проблемы, попытались рассмотреть некоторые аспекты.

Ключевые слова: священная земля, сакральное место, Казахстан, духовное возрождение, культурное наследие.

Кіріспе

Дүниежүзі бойынша жер көлемі жағынан тоғызыншы орын алатын елімізде киелі жерлер жетерлік. Әйтсе де, олардың жеткілікті дәрежеде зерттеліп, дәріптелмеуі салдарынан халқымыз олардың көбісінің барынан хабарсыз. Ұлы Даланың қойны-қонышында тарихынан талай сырды шертегін киелі жерлер, құпиясы көп қасиетті мекендер көп-ақ. Осы орайда елімізде енді қолға алынып жатқан «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы қазақтың кең даласындағы қасиетті жерлер мен мекендерді жете зерттеп, халыққа жеткізуді мақсат етіп отыр. Ұлан-ғайыр жерге ғана емес, тарихи рухани мол мұраға да ие екенімізді танытуымыз керек. Жалпы барлық елдерде мұндай қасиетті, киелі жерлер баршылық. Ол жерлерді мемлекет тарапынан қорғалып, даңқын асырып дәріптеліп отырғандықтан, өз елдері түгілі әлем елдерінен туристер ағылып іздеп барады. Тек оларды дәріптеп, халқымызға кеңінен таныстырып, өзге елдердің де қызығушылығын тудыра білуіміз керек.

Маңызы жоғары, халық тарапынан ерекше құрметке ие табиғи немесе мәдени мұра және сәулеті айрықша діни мәнге ие ескерткіштер мен кесенелер, сондай-ақ, Қазақстан халқының жадында өшпес із қалдырған тарихи және саяси оқиғалармен байланысты орындардың барлығы елімізде осы киелі орындар санатына жатады.

Осы аталған мақсатты іске асырып, мәселені жан-жақты зерттеу үшін ең алдымен оның методологиялық негізі болып табылатын негізгі ұғымдарды, соның ішінде қасиетті, киелі ұғымдардың мән-мағынасын айқындап алу қажеттігі туындайды. Қасиетті, киелі, киелілік ұғымдары батыста неғұрлым зерттелді деп айтуға болады, бұл мәселені неғұрлым терең зерттеген батыс ғалымдары қатарына Э. Дюркгейм, М. Элиаде, Р. Отто сияқты белгілі зерттеушілерді ерекше атап өту қажет. Отандық зерттеулерде, ең алдымен қазақ ойшылдарының еңбектерінде аталған ұғымдар кеңінен қолданыс тапқанымен, жеке ұғым, методологиялық негіз ретінде зерттеулер жеткіліксіз. Кейбір жағдайда бұл ұғымдардың діни және мәдени-тарихи қырлары

айқындалмаған. Мақалада осы мәселелердің кейбір жеке жақтарына назар аударылады.

Негізгі бөлім

«Қасиеттілік» ұғымы XX ғасырдың бірінші ширегінде салыстырмалы дінтануда кең қолданысқа ие болды. Сөздіктерде сакралды термині өзінің түп төркінін латынның *sacrum* – киелі, құдайға арналған деген сөзінен шыққан, өзінің кең мағынасында қарапайым нәрселерден, ұғымдардан, құбылыстардан айрықшаланатын, құдіреттілікке, дінге, ақылмен пайымдауға түспейтін тылсым дүниеге, мистикалыққа қатыстының барлығын білдіреді. Пәнаралық ғылымдарда «қасиетті», «киелі», «құдіретті» сөздері тұтас «сакралды» деп қолданылады. Бұл термин қазақ тіліндегі қасиетті және киелі түсініктеріне, орыс тіліндегі святость, священное ұғымдарына жақын. Ал сакралды сөзінің өзі діни лексиконда емес, ғылыми лексиконда пайда болған және пұтқа табынушылық пен алғашқы қауымдық наным-сенімдер және мифологияны қоса алғандағы барлық діндерді сипаттауда қолданылады. Әлеуметтанушы Э. Дюркгейм барлық діндерді әлемді – пендешілік және қасиетті деп екі салаға бөліп көрсетеді дейді. Дюркгейм бойынша сакралдылық – әлеуметтік құбылыс, қоғамдық топтар өздерінің әлеуметтік және моралдық ниеттеріне қасиеттілік бейнесін, нышандарын береді. Сол арқылы ұжымдық талаптарға табынуды талап етеді. «It is absolute. In all the history of human thought there exists no other example of two categories of things so profoundly differentiated or so radically opposed to one another» (Степин, 2010:480). Дюркгейм бойынша, сакралдылықтың маңызды белгісі – оның қол сұқпаушылығы, жекешелігі және құпиялылығы. Дюркгейм тұжырымдамасын сынға алған Р. Отто «қасиеттілік» пен «киелілікті» иррационалды бастама деп түсіндіреді. Өзінің «Святое» атты еңбегінде «сакралдылықты», «қасиеттілікті», «киелілікті» түсіндіру үшін әр түрлі ұғымдарды қолданады. Р. Отто діни тәжірибелерді зерттеу барысында киелі категориясының априорлық бастамасын айқындайды. Неміс философы Р. Отто киелі категориясын «нуминоз» деген сөзбен алмастырады (латын тілінен *numen* – құдай құдіреттілігінің белгісі); нуминоздың психологиялық ерекшелігін айқындай отырып, «*mysterium tremendum*» сезімімен (адамды экстатикалық күйге әкелетін құпияға иландыратын сезім) байланыстырады. Киелілікті сипаттайтын тағы бір сезім түрі «*fascinans*» сезімі

(латын тілінен *fascino* – еліту, арбау) – құпиямен қарым-қатынасқа түскен кезде әрбір адамның бойында пайда болатын масаттану, тартылыс, таңғалдырарлық сезімнің пайда болуы. Нуминоздық сезімдер кешені пайда болған кезде ол абсолютті құндылық дәрежесіне ие болады. Осы құндылықты Отто «*sanctum*» (латын тілінен – қасиетті, киелі), иррационалдылық тұрғысында «*augustum*» (латын тілінен – құдіретті, қасиетті) деп атайды (Отто, 1917:36).

Қасиеттіліктің шындықтағы көрініс беруін М. Элиаде иерофания деп атайды. «Біз кез келген, тіпті ең қарапайым иерофанияда көрініс беретін парадоксті толықтай түсіне алмаймыз. Қасиеттілікті айшықтай отырып әлде бір объект басқа әлденеге айналады. Бірақ сонымен қатар ол өзінің өзінділігін де сақтап қалады, яғни қоршаған ғарыштық кеңістіктің объектісі болып қала береді. Қасиетті тас тас болып қалады, сыртай қарағанда (анығында, дүниелік түсінік тұрғысынан) оның басқа тастардан еш айырмашылығы жоқ. Алайда, осы тастан қасиеттіліктің айшықталуын көргендер үшін оның біздің түйсігімізде бейнеленген шындығы тылсым шындыққа айналады. Басқаша айтқанда, діни тәжірибеге ие адамдар үшін тұтас табиғаттың өзі қасиетті ғарыштық кеңістік ретінде көрініс беруге қабілетті. Ғарыш, өзінің барлық тұтастығында иерофания ретінде көрініс береді» (Элиаде, 1994:53).

Әлеуметтанушы Э. Дюркгейм және неміс философы Р. Отто киелілік жеке адамның қабылдауымен анықталады деп санаса, Тәңіршілдік дүниетанымында «жер» ол өсіретін, ұрпақ жалғастыратын тіршіліктің көзі. «Қасиетті жер», «киелі орын» ұғымдарын идеологиялық және күнделікті тұрғысынан түсіндіруге болады. Идеологиялық деп тұрғаным мемлекеттік маңыздылығы бар «қасиетті жерлер», екіншісі күнделікті халықтың сұранысына ие болып отырған, жеке ұрпақтың ата-бабасымен байланысты «киелі орындар». Әрбір киелі орын өзінің әлеуметтік, мәдени, саяси, діни функцияларын атқарады. Күнделікті қарапайым адам мен діни адамның, ғалымның қабылдауының нәтижесінде әр түрлі тұжырымдамалар мен түсініктер қалыптаса береді, бірақ сол орын немесе жер ешқашан өзінің жекешелігін, ерекшелігін жоғарылатпайды. Бүгінгі жаһандану қоғамында рухани және материалды мәдениет жемістері мен өнімдері экономиканың басты капиталы, қаржы көзі, инвестиция көзі болып табылады (Дюркгейм, 1998:174-231).

Киелі орын, қасиетті жер ұғымдары сонау ерте заманнан келе жатыр. Заман өзгерген сайын, адамдардың қажеттіліктері мен сұраныстары өзгерген сайын оларға деген көзқарастар да өзгерді. XX ғасырдан бастап киелі орындар мен қасиетті жерлерге деген жаңа көзқарастар қалыптаса бастады. Бұған себеп болған ғылымдағы пәнаралық көзқарастар мен әдістемелер. Роджер Штамп «The Geography of Religion: Faith, Place, and Space» атты еңбегінде діни практикалар мен сенімнің кеңістік пен орынға байланысты екенін айтады. Роджер Штамп бойынша әр түрлі діни көзқарастардың қалыптасуы, көшіп-қону үрдісі, діни практикалар мен культтердің жүзеге асырылуы қасиетті кеңістіктердің қалыптасуына себепші болды (Stump, 2008:441). «Дін географиясы» еңбегінде киелі кеңістіктердің пайда болуын анықтау үшін діни топтардың көшіп-қону үрдісін зерттейді. Сол сияқты қазақстандық дінтанушы ғалым Ә. Муминовты өзінің «Родословное древо М. Ауезова» (Муминов, 2011:304) еңбегінде «қожалардың» көшіп-қону үрдісінің негізінде Қазақстанның көптеген жерінде киелі орындардың пайда болғандығы туралы дәлелдер келтіріп өткен. «Мистика, наука и религия» кітабында «киелі орын» дегеніміз (латын тілінен – *sacer*) – ерекше мәні бар қайталанбас объектілері бар орын (Красников, 1998:432). Күнделікті өмірде «киелі орын» аруақтармен немесе адам ақылына сымайтын сиқырмен сипатталады. Киелі орындар бүгінгі таңда тарихи естелік орындары ретінде көптеген ғалымдардың зерттеу объектілеріне айналып отыр.

«Киелі» сөзінің мән-мағынасы өте күрделі. Халқымыз осы ұғыммен зорлық-зомбылыққа, әділетсіздікке қарсылығын, адамның, табиғаттың, қоғамның арасындағы жарасымдылық пен үйлесімділікті сақтауға құштарлығын білдірген. Жүгірген аңның, ұшқан құстың, жер мен судың, ерекше қасиетке ие адамның киесі ұрады деп, қоғамдық-саяси, рухани, экологиялық, әлеуметтік тұрақтылықты, ынтымақ пен ықпалдастықты бәрінен жоғары қойған.

Киелі орын – ол нақты географиялық объекті (ол тау, көшпелілер үшін жайылымды жер, көл, өзен, шатқал, асу т.б. нәрсе болуы мүмкін) болғандықтан белгілі бір тайпаның, ұлыстың немесе бір рулы елдің (рулас ағайын адамдардың) аруақтары мәңгілік жай тапқан орын да болуы мүмкін. Көптеген жағдайларда киелі орындарда «түрлі» ғұрыптық шара, іс-әрекеттер жасалады. Мысалға: қасиетті тау немесе ондаған жартас бетіне сурет салынған таңбалы тастары

бар орындар ру-тайпалық иелік болуы да; тіпті байырғы уақыттан бері дәстүрлі түрде барша қауымның арғы-бергі аталары жерленген қорым немесе ол жыл сайын ас беріп, құрмет білдіретін орын болуы, мұндай географиялық объектілер елдің түсінігінде құт қонған жер ретіндегі мәнге ие мүмкін. (Жаңбыршыұлы, 2001:302).

Киелі орындар туралы ұғым – ол, сол манды қоныстай жайылған елдің таным-түсінігінде сол аталған жердің қасиеті мен киелілігі танылып, көпшілікпен мойындалғаннан кейін ғана қалыптасқан. Киелі ұғымның қалыптасуы кейінгі орта ғасырлар тұсынан бастап халық арасында басым орын алды. Себебі, осы кездің өзінде шағын ғана аумақтағы жерлерде түрлі тарихи кезенді қамтитын әр-алуан ескерткіштер шоғыры молынан топталып, тіпті жіктеле де бастады.

Киелі орындар туралы ұғымды бүгінгі елдің таным-түсінігінде сол жердің қасиеті мен киелілігіне қоса, өнері мен қадыр-қасиеті, ақылдылығы мен көрегендігі, елді соңынан ерте білетін асқан қабілет, дарын иесі Әбілқайыр, Абылай хан, Исатай, Махамбет, Сырым батыр сияқты болумен ел сыйлысы болғандықтан ол көпшілікпен мойындалып, елге танылған біртуар атақты адамдардың Шоқан, Ыбырай, Абай, Шәкәрім туып-өскен жерлері де ел аузында қасиет дарыған, киелі жер деп те айтылып жүр. Осы қатарда мәселен, Сырдарияның төменгі ағысы саналатын Қызылорда облысын – «Сыр елі – Жыр елі», жырдың бір түнеп өткен жері деп атау ел аузында жиі айтылады және оған қоса, барша түрік жұртының Атасы атанған, көреген данышпаны болып танылған Қорқыттың өзі сан алуан тақырыпқа арқау бола алады.

Киелі орынның киелі болуы – ондағы кешеннің халықтың санасында туған діни-мифологиялық таным-түсінік, ғұрыптық әрекеттердің және оның ертедегі ескерткіштермен қаншалықты байланыстылығында. (<http://akikat.kazgazeta.kz/?p=9325>). Оны біз былайша түсіндіріп көрсек, таңбалы тас кешені және өзге де ғұрыптық кешенді тұрғызушы қандай да бір тарихи тұлғаның немесе халықтың (ол кешен мысалға: ғибадатхана, мешіт, некропольдік: пирамида, кесене, мазар, сағана там, күмбезді түрлі құрылыс, қорымдарда болуы мүмкін) өз дүниетанымында пайда болған, өлілерге көрсеткен құрметін, тарихтың қилы кезеңін сипаттайтын петроглифтер немесе қандай да бір билік жүргізушінің өзінің өзгелер алдындағы үстемдігін көрсетуі, оны әлемге паш етудегі бәлкім, өз ойынан жасаған, тудырған дүниесі болуы мүмкін. Осы

сөзімізге келтірер дәлеліміз: Жер жәннәті деп аталған Жетісу жеріндегі «Таңбалы тас» кешені, Орталық Азияда ілуде біреу саналатын Әмір Темірдің Қожа Ахмет Ясауи бабамызға арнап салдырған кесенесі, Маңғыстаудағы қазақтың пірі – Бекет атаның қолмен қашап жасаған жер асты мешіті және ондағы зікір, қылуат бөлмелері, әлемнің жеті кереметіне саналатын Мысыр (Джосер, Хеопс, Хефрен) пирамидаларды, Семирамиданың аспалы бағы, Александрия бағдаршамы, Ирандық Бехустин жартасындағы жазбалар сияқты т.б. дүниелерді атап айтуға болады. Мойындау керек, киелі мәселесі әлі де болса өзінің ғылыми шешімін тапқан жоқ. Ал, әлемдік классикалық діндерде осы киелі орындарға барабар тіпті, сәйкес келетін «қасиетті орындар» деген түсінік бар. Ғылымда: киелі орынға қояр және оны таңдап алуда қандай да бір критерийлер бар ма – деген сауалдың өзі әлі де болса жауапсыз, аз зерттелген мәселе.

Жыл сайын алты миллионнан астам адам Жапонияның Шема түбегіндегі самырсынды орманға қарай ағылады. Олар сондағы зәулім Исэ храмына барып, күн құдайы Амата-расу Омикамиге ғибадат етеді. Синтоистер бұл құдайға екі мыңға жуық жылдан бері құлшылық етіп келеді. Олар алдымен қолдарын жуып, ауыздарын шаяды. Сосын ғибадат ететін залға кіріп, тізе бүгіп, қол шапалақтап, әлгі әйел тәңіріне құлшылық етеді. Синто діні басқа да діндерді ұстануға шек қоймайды. Кейбір буддистер мен христиандардың айтуынша, киелі деп саналатын осы жерге келіп, синто дінінің рәсімдерін жасауда тұрған ештеңе жоқ.

Әлемдегі танымал діндердің көбісінде қасиетті деп саналатын жерлер бар және миллиондаған адам сол жерлерге сапар шегеді. Христиан елдерінде Исаға, Мәриямға және тағы басқа әулиелерге арналған шіркеулер мен қасиетті жерлер көп. Ал өзге қасиетті жерлер Киелі кітап заманындағы оқиғалар мен «кереметтер» орын алған немесе діни жәдігерлер сақталған жерлерде орналасқан. Көптеген адам осындай жерде тілек айтсақ, өтінішіміз қабыл болады деп сенеді. Басқалар болса қаншалықты тақуа екендерін дәлелдеу үшін ұзақ сапар шегіп, киелі жерлерге барады. Осылайша Құдайдың алдындағы соңғы парызымызды өтейміз деп есептейді.

Қасиетті жер деп адамдар қасиетті мұра санайтын жерлерді айтады. Бұған бүгінде діни ғимараттар ғана емес, басқа да киелі саналатын орындар жатады. Қасиетті жерлерде адамдар тәңірлерге не әулиелерге құлшылық етеді.

Олардың ішінде қандай да бір ғажайыппен, аянмен немесе рухани әлеммен байланысы бар деп есептелетін бейнелер, пұттар және тағы басқа жәдігерлер тұрады. Қасиетті жерлерге храмдар, шіркеулер, кесенелер немесе адамдар барып құлшылық ететін үңгірлер жатады. Кейбіреулер үйлерінің бір бұрышына сиынатын орын жасап қояды. Шығыс пен батыс елдерінің адамдары осындай жерде дұға етеді, медитация жасайды және тартулар ұсынады.

Қасиетті жерлердің бәрі де ғибадат етуге арналмаған. Мысалы, жантүршігерлік жол апатынан қайтыс болған адамдардың жақындары оларды ұмытпау үшін жолдың шетіне ескерткіш орнатып қояды. Басқалары болса, соғыста не көпке танымал бір қақтығыста қаза болғандарға арнап қасиетті жер жасап қояды, бірақ оны дінмен еш байланысы жоқ қоғамдық орын деп қарастырады. Адамдар бұл жерлерге қайтыс болғандарды еске алып, ой жүгірту үшін келгенмен, мұндай орындардың діни реңкі бар деп айта алмайсың. (Кекілбаев, 2003:350).

Қазақ халқының тылсым ғажайыптарға толы қасиетті жерлері болған. Халқымыздың ертеден таным-түсінігіндегі ерекше сенімдерінің бірі үңгірлермен де байланысты болған. Мұндай үңгірлердің пайда болу тарихы тым ұзақ уақытты, жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Сондықтан алғашқы адамдардың қоныстары болған үңгірлердің қазіргі адам сезіне бермейтін тылсым қасиеттеріне ерекше сезіммен қарайды. Кейбір үңгірлер биік таудың басында орналасса да, ішінде қайнар бұлағы болады. Кейбірінің адам сыймайтын есік дәлізі орналасқан. Кейбірінің іші ұзыннан-ұзын кең бөлмелі болып келеді. Сондықтан осындай үңгірлерді қазақ ертеден әулиелі жерлер санатына қосқан. Қасиетті үңгірге ертеден қазақ халқы келіп түнеп, көне заманнан қалыптасқан ескі дәстүрімен жүрген. Тіпті құдай тағаладан бала тілеген немесе денсаулығына байланысты келген әйел адамдар көп болған жер ретінде саналады. (Энциклопедиялық анықтамалық, 2005:202).

Қасиетті орындар туралы мифология қай халықта болмасын бар. Орталық Азиядағы түркі халықтарында әулие, қасиетті деген атаулар тұрақты түрде әдет-ғұрыптар орындалатын киелі кеңістік жөнінде хабар береді. Әлбетте, ол өзінің салттық заңымен ежелден адамдармен бірге жасасып келеді. Адам баласы бұл орынды тағзым ететін орын деп таңдап алған соң бірнеше ғасырлар бойы осы араға өздерінің әдет-ғұрыптарын орындауға келіп тұрған.

«Киелі» ұғымынан туындайтын қазақ әлемінің гуманистік және жасампаз әлеуетін өзімізге де, өзгеге де түсіндірудің маңызы зор. Бодандықтағы үш ғасырға жуық уақыт ішінде киелі жерлеріміз мүлде құрып кете жаздады. Осы ретте Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы «Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек. Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз. Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы» (<https://e-history.kz/kz/publications/view/1608>) деген ой-түйіндер, біріншіден, ұлттық кодымыздың тынысын кеңейтуді көздейді, екіншіден, ең бастысы – қазақ қазақ қалпында ғана жаһандық бәсекеге төтеп бере алатынын еш бүкпесіз жайып салды.

Киелі орындар, қасиетті жерлер ол тек діни көзқарас, наным-сенім ғана белгісі емес, ол мемлекеттің ұлттық бірегейлігін қалыптастырушы, мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізді дәріптейтін, айқын көрсететін құрал болып табылады.

Негізінен Қазақстан діни ескерткіштерге, киелі жерлерге өте бай мемлекет. Өткен ғасырдағы көшпелі халқымыздың мәдениеті бай десек болады. Әртүрлі діни нысандар мен киелі жерлер Қазақстанда сонау ғасырлардан бері сақталып келе жатыр. Қазақстанды қай жағынан алсақ та, табиғи немесе мәдени-тарихи, діни болсын өзіндік ерекшеліктер мен құпияларға толы. Әсіресе өткен тарихымыздан белгілі біздің заманымыздан бұрын өмір сүрген киелі де танымал адамдардың ескерткіштері әлі күнге дейін өз мәнін жоғалтпай сақталған. Қазақстанның өңірі өзінің киелі орындарымен ерекшеленеді және әр өңірдің өзіне тән сыры болады. Қазақстанда негізінен діни нысандар өте көп. (Қазақ энциклопедиясы, 1976:87-89). Алайда, танымал діни нысандар арасында үлкен қызығушылық Қазақстанның Батыс өңірлеріне тиесілі. Қазақстанның батыс аймақтарында орналасқан көптеген дәстүрлі «әулиелі орындар» мұсылмандардың рухани өмірінде елеулі орын алып күні бүгінге дейін ғибадат орны болып табылады. (Маңғыстау энциклопедиясы, 2008:5).

Қазақстанның территориясы киелі жерлерге, қасиетті орындарға бай. Ол жерлерге әр түрлі мақсатта зиярат ету кең өріс алып отыр. Мұны

халықтың ұлттық бірегейлігін құрастырудың бір формасы ретінде және территорияның танымалдылығын қалыптастырушы құрал ретінде қарастыруға болады.

Соңғы кездері Қазақстанда киелі орындарға, қасиетті жерлерге ғибадат, зиярат етуге барушылар саны күннен күнге артуда, киелі жерлер халық арасында кеңінен танымал болды. Халық киелі жерлерге барып зиярат етіп отырып ата-баба рухын ардақтаған.

Қазақстанда киелі жерлер, нысандар өте көп. Қазіргі кезде тарихшылар, зерттеушілер, дінтанушылар киелі жерлердің мемлекеттік тізімін жасап, халықаралық, республикалық, жергілікті деңгейдегі мәртебесін анықтау үстінде. Ең маңыздысы – әрқайсысына қатысты терең зерттеу жүргізіп, аңыз-хикаяларын, деректерін жинау. Малмен күнелткен бабаларымыз шаруашылығын табиғатпен үйлестіріп жүргізіп отырған. Осыдан барып туған жерге тағзым ету деген дәстүр қалыптасқан. Сонау бағзы заманнан ата-бабаларымыз киелі жерлерге тағзым етіп келді. Түркі, сақ дәуірлерінен жеткен аңыз-әфсаналар, тіпті тасқа қашап кеткен таңбалар да осы озық дәстүрді айғақтайды. (Нысанбаев, 1998:156).

Елбасымыздың жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын халық санасына сіңірудің ерекше маңыздылығын нықтап айтуы заңды құбылыс. Ел мен Жер – рухани құндылықтардың арқауы. «Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де, бізді кез келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы. Ол – ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі. Сондықтан мыңжылдық тарихымызда біз алғаш рет осындай ауқымды жобаны жасап, жүзеге асыруға тиіспіз» дей отырып, Елбасымыз: «Жергілікті нысандар мен елді мекендерге бағытталған «Туған жер» бағдарламасынан бөлек, біз халықтың санасына одан да маңыздырақ – жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз керек деген. Мұндағы мақсат – еліміздегі қасиетті тарихи орындарды анықтап, оларды ұлттық ұстаным деңгейіне көтеру.

Қазақстан жеріндегі ежелгі, тарихи, киелі орындарымен танысу елдік бейнеміздің кәусар бұлағы екенін, оның пайда болу тарихы арқылы біз өткен тарихымызды, мәдениетімізді білетінімізді шетелдік туристерге, студенттерге дәріптеудің де берері мол. Бұл орайда арнайы саяхат ұйымдастырудың ұлттық салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды құрметтеуге тәрбиелеуде алар

орны ерекше. Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында еліміз бен жерімізді, тарихи мол мұраларымызды сақтап қана қоймай, келешек ұрпақ кәдесіне жарату, сонымен бірге бүкіл әлемге таныту мақсатында «Туған жер» бағдарламасын қолға алу қажеттігін ұсынғаны мәлім. Осы тарапта атқарылып жатқан «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы елімізді танытуға тың серпіліс берері даусыз.

Бұл жобаның қоғамға елшілдік, мемлекетшілдік көзқарасты қалыптастыратын дүние – қазақ тарихындағы хандар мен билердің рөлі болса, жастарды азаттық үшін күрес жолына тәрбиелейтін дүние – ұлт-азаттық күрескерлердің әрекеті. Қазіргі таңда қазақ қоғамына біздің дәстүрімізді жоққа шығаратын түсініктер еніп кетіп жатыр. Әсіресе ислам атын жамылып халық арасын іріту үрдісі белең алу да. Екіншіден, қазіргі жастар өзінің тарихын тек әлеуметтік желіде таратылған жеңіл-желпі ақпар арқылы танып-білуде. Бұдан нені аңғарамыз? Күн өткен сайын жастардың тарихи санасына тұсау салатын қауіп күшейіп келеді. Осыған қалқан болатын дүние – жоғарыдағы жоба болуы тиіс. Яғни болашақ ұрпақ жалпыұлттық қасиетті нысандарды тану арқылы ұлттық бірегейлікті ұғынып, қазақ халқының сонау тас дәуірінен бері бір ел, бір халық ретінде қалыптасқан ел екенін санасына сіңіре алады. Осы арқылы тұтас тарихи сана қалыптасады. (<https://egemen.kz/article/167428-kieli-zherler-birlik-pen-zhanhghyrunyshany>).

«Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы қызметінің негізгі мақсаты – өлкетану бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы, өлкетану саласындағы ағартушылық жұмыс, республикадағы өлкетану жұмыстарын әдістемелік қамтамасыз ету, мемлекеттік және қоғамдық өлкетану ұйымдарымен, жергілікті мемлекеттік органдар, білім беру мекемелері, Қазақстанның архивтері мен музейлерімен бірге ынтымақтастықта өлкетану тақырыбындағы ғылыми-зерттеу іс-шараларын ұйымдастыру болып табылады.

Қазақ халқының ұлттық санасының ерекшелігі – туып-өскен жері, өнген ортасын кие тұтып, оның қадір-қасиетін бағалауымен құнды. Аталарымыз «туған жер – тұғырын, туған ел – қыдырың» деп бекер айтпаған. Туған жер мен елдің халық санасына сіңген рухани құндылығының ұлттың қалыптасуында, дамуында айрықша рөлі бар.

«Қазақстанның қасиетті орындары» ретінде ерекше қастерленетін табиғи-мәдени мұра, за-

йырлы және діни сәулет ескерткіштері, кесенелер, сондай-ақ Қазақстан халқының жадында өшпес із қалдырған тарихи және саяси оқиғалармен байланысты орындар ұғынылады. Сонымен қатар, Қазақстанның әлеуметтік-саяси өмірінде маңызды орын алатын, ұлттық бірлік пен жаңғыру нышаны ретінде көрінетін нысандар кіреді.

Сараптамалық кеңестің шешімімен қасиетті орындар жалпыұлттық деңгейлі және жергілікті маңызы бар қасиетті нысандар болып бөлінді.

Еліміздегі барлық қасиетті нысандар бес топқа жіктелді:

1. Ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері. Ел аузында киелі аталып кеткен, кейбіреуі қазірдің өзінде мемлекет қарауында тұрған табиғат құбылыстарының нәтижесінде пайда болған орындар.

2. Археологиялық ескерткіштер және орта ғасырлық қалалық орталықтар. Бұл топқа қалашықтар, бекіністер, петроглифтер, қорымдар, халқымыздың қалыптасуында ерекше рөл атқарған, Қазақ мемлекетінің, Ұлы Жібек жолының құрылуына ұйытқы болған орта ғасырлық қалалар кіреді.

3. Діни және ғибадат орындары болып табылатын орындар. Бұндай қасиетті орындарды әулие феноменімен байланыстыруға болады. Түркі кезеңіне дейінгі дәуірдегі аттары аңызға айналған, көне түркі дәуірі және орта ғасырлардағы, сонымен бірге, XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басына дейінгі тарихи тұлғаларды қамтиды.

4. Тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындар. Қазақстан тарихында елеулі орын алатын, бүкіл өмірін қазақ елінің бостандығы мен егемендігіне арнап, үш жүздің батыр-билерін жиып, елдік маңызды мәселелерді шешкен хандар, қазақ хандығының тәуелсіздігі үшін күрескен қазақтың батырлары, ұлт-азаттық қозғалысының жетекшілері, қолбасшылар, ғылым мен білімге, мәдениетке үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақындар, ғалымдар, ағартушылар туралы мәні зор орындар алынып отыр.

5. Саяси, тарихи оқиғаларға байланысты қасиетті орындар. Қазақ даласында қазақ халқының бірлігі үшін болған шайқастарды, ерлікті, батырлықты, қайсарлықты насихаттайтын, елдің бірлігін білдіретін ескерткіштер мен ел жадында өшпес із қалдырған қасиетті орындар мен қоғамның, мемлекеттің тарихында ерекше орны бар мемлекетіміздің жаңа нышандары еніп отыр (<http://anatili.kazgazeta.kz/?p=43610>).

Киелі жерлер – көшпелі дүниенің негізгі тарихы. Халықтың тұрмыс-тіршілігі, басынан өткен оқиғалары, әдебиеті және аңыз-әнгімелері, жалпы тарихы негізінен осы киелі орындар мен маңызды жерлерге байланысты. Осы қатпар-қатпар тарихи байлығымызды жоғалтпай, қаймағын бұзбай ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, әлемге таныту керекпіз (<https://egemen.kz/article/16368>).

Тарих – ұлттық құбылыс. Оның ақиқатын, тылсым сырын ашу үшін бірінші кезекте халықтың, биліктің, тұлғаның, яғни тарихты түзушілердің барша өмірі мен hareketі неден күш алатынын, қайда табан тіреп тұрғанын анықтау қажет. Империялық биікке көтерілген испан, ағылшын, орыс, француз қауымы үшін материалдық өндіріс, табыс, соғыс маңызды болса, отар немесе аграрлық қауымға тарих дөңгелегін айналдырудың басқа өлшемі бар. Ұлы дала елінің тарихын көктей шола отырып, оның мазмұны мен ерекшеліктерін анықтаған, тарихи оқиғаға, үдеріске, тіпті тұлғаға тұғыр болған нағыз түпжаратушыдай үш байлықтан ажырамау керек екеніне иландық. Бірінші тұғырлы байлық – жер, екіншісі – тіл, үшіншісі – мемлекет. Осылардың қайсысын алсақ та, ономастикамен ажырағысыз байланысы бар. Ұлы даладағылардың антропологиясы, шаруашылығы, өмір салты, алыс-жақын елдермен қарым-қатынасы, ономастикасы жерге байлаулы табиғи-географиялық факторлармен анықталды. Арғы қазақтарды біріктірген, тұтастырған, ел болуға жетелеген құдірет – тіл. Бізді қыпшақ, моңғол, ноғай атандырмаған, Қазақ елі, қазақ атандырған, Сарыарқаны – Сарыарқа, Түркістанды – Түркістан атандырған өндіріс тәсілі емес, билеушінің жарлығы да емес, ол – тіл. Тарихқа тұғыр болған жер мен тіл тарихты түзбейді. Олар – тарихтың куәгерлері. Осы куәгерлерді археология, терминология, ономастика, түркология, салыстырмалы саясаттану, этнология, антропология ғылымдары тұрғысынан зерттеумен, сөйлетумен, түсінумен, сәйкестік пен бірегейлігімізді танумен бұрынғы мен бүгінгінің сабақтастығын ұғынамыз. Тарихқа тазғым дегеніміз – ол ең алдымен жерге және тілге тағзым деген сөз. (<https://aikyn.kz/2017/04/13/9894.html>).

Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт ең алдымен тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған бабаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқаға

танылады» (<http://e-history.kz/kz/publications/view/3149>) деп ерекше атап өткен болатын.

Қорытынды

Әр алуан діндердің тілі, ілімі, ғибадат практикасының мәліметтері сакралдылық категориясының әрқайсысының өзіндік нақты-тарихи ерекшеліктері бар діни сананың әмбебап категориясы екендігін көрсетеді. Сакралдылық категориясының мазмұны әрбір этномәдени діни дәстүр қаншалықты өзгеше әрі құбылмалы болса, ол да соншалықты өзгермелі болып келеді. Дегенмен қазіргі жаһандану заманында жат идеологиялардың әсеріне өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз. Сондықтан, Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуін ұлттық рухани құндылықтарға басымдылық беру арқылы қалыптастыруға да ғылыми тұрғыда үлес қосудың маңызы зор. Сонымен қасиетті орындар – мәдени мұра, зайырлы және діни архитектуралық ескерткіштер, ел халқының алдында құрметтелген кесенелер мен табиғи ландшафтар, сонымен қатар елеулі саяси оқиғаларға байланысты тұрақты тарихи құндылықтарға ие орындар. Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде тарихи және мәдени мұралар мен ұлттық бірліктің символы ретінде маңызды орын алатын объектілер.

Бар тірлігі малға негізделіп, үнемі жаз жайлауға, қыс қыстауға көшіп жүрген ата-бабамыз басқа жұрттай сондарына топтап ескерткіштер қалдырмағаны белгілі. Бірақ мешіттер мен ғибадатханалары және қайтыс болған адам аруағын қастерлей білетін халқымыз қорымдар мен бейіттерді аймақтық ерекшеліктерде толы архитектуралық өнермен нақыштаған. Сондықтан да осы саладағы, әлі де толық зерттеле қоймаған халықтық діни-мемориалдық архитектураны түсіндіріп, бүгінгі ұрпаққа талдап берудің үлкен мәні бар.

Қасиетті жерлерге, киелі орындарға ғибадат ету кең өріс алуы Бүкіл әлемдік туристік ұйым UNWTO-ның діни туризмді XXI ғасырдағы туризмнің ең перспективті бағыты ретінде қабылдауына себепші болды. Қазіргі кезде елдер, аймақтар мен қалалар арасындағы бәсекелестіктің өсуіне байланысты осы тенденцияны пайдалану арқылы әрбір аймақ өз территориясының танымалдылығын қалыптастыруы қажет. Бұл біріншіден, заман талабы; екіншіден, «Қазақстан 2050» стратегиясында айтылғандай бәсекелестікке қабілетті ел болуымызбен 30 дамыған елдер қатарына қосылуға әрекет жасаудың бірден-бір тиімді жолы.

Әдебиеттер

- Әбжанов Х. Киелі жер атауына ерекше мән берілгені жөн/ <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=43610>
Дюркгейм Э. Элементарные формы религиозной жизни. – М.: Канон, 1998. – С. 174–231.
Жаңбыршыұлы Т. Мен айтайын бабаңнан. – Алматы: «Үш қиян» 2001. – 302 б.
Кекілбаев Ә. Туған жер. – Алматы: «Зерде» баспасы, 2003. – 350 б.
Красников А.Н. Мистика. Религия. Наука. Классики мирового религиоведения. Антология. – М.: Канон+, 1998. – 432 с.
Муминов А.К. Родословное древо Мухтара Ауэзова. – Алматы: Жибек жолы, 2011. – 304 с.
Маңғыстау энциклопедиясы. – Алматы, 2008. – 6 б.
Нысанбаев Ә.Н. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. – Алматы, 1998. – 156 б.
Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру/ <https://aikyn.kz/2017/04/13/9894.html>
Отто Р. Священное. 1917 – С. 36. www.royallib.ru
Қазақ энциклопедиясы, 9 том. – 18 бөлім. – Алматы, 1976. – 87-89 бб.
Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2005. – 202 б.
Степин В.С. Новая философская энциклопедия. – М.: Мысль, 2010. – 480 с.
Тұрсынбайұлы Б. Қазақстанның қасиетті орындары /<https://egemen.kz/article/16368>
Төлєнова З.М. Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы – қоғамның рухани жаңғыруының факторы / <http://e-history.kz/kz/publications/view/3149>.
Элиаде М. Священное и мирское. – М., 1994. – 53 с.
Stump R.W. The Geography of Religion: Faith, Place, and Space. – New York: Rowan & Littlefield, 2008. – P. 441.
<http://akikat.kazgazeta.kz/?p=9325>
<https://e-history.kz/kz/publications/view/1608>
<https://egemen.kz/article/167428-kieli-zherler-birlik-pen-zhanhghyru-nyshany>

References

- Abzhanov Kh., «It is important to pay special attention to the name of the Holy Land», <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=43610>
Diurgeim E., Elementary forms of Religious Life. Moscow: Canon, 1998. – P. 174-231.
Zhanbasyrovich T., «Men aiyain babnan» Almaty. «Uw kiyan» 2001. – 302 p.
Kekilbayev A., «Tugan zher» Almaty «Zerde baspasy» 2003.-350 p.
Kрасnicov A. N., Mystica Religion. Nayka. Classics of world religion . Anthology. M .: Канон, 1998. – 432 p.
Muminov A. K., Rodoslovnoe drevo Muhtara Auezova. Almaty: Zhibek zholy, 2011. – 304 p.
Mangystau Encyclopedia, Almaty. 2008. – 6 p.
Nysanbayev A.H., Kazakhstan National Encyclopedia. Almaty. 1998 – Article 156
Nazarbayev N., «Towards the Future: Spiritual Renaissance», <https://aikyn.kz/2017/04/13/9894.html>
Otto R., Priest. 1917 – S. 36. www.royallib.ru
The Encyclopedia of the Kazakhs, Volume 9, section 18. Almaty. 1976 – 87-89.
Kazakh culture. Encyclopedic Reference. Almaty. 2005. – Article 202
Stepin V. S., New philosophical encyclopedia: Moscow: Mysl', 2010.- 480 p.
Tursynbayevich B., «The sacred places of Kazakhstan», <https://egemen.kz/article/16368>
Tolenova Z. M., «Geography of the sacred places of Kazakhstan is a factor of spiritual renewal of society», <http://e-history.kz/en/publications/view/3149>.
Eliada M., Priesthood and the world. Moscow, 1994-53.
Stump R.W., The Geography of Religion: Faith, Place, and Space. New York: Rowan & Littlefield, 2008. – P. 441
<http://akikat.kazgazeta.kz/?p=9325>
<https://e-history.kz/en/publications/view/1608>
<https://egemen.kz/article/167428-kieli-zherler-birlik-pen-zhanhghyru-nyshany>